

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Журналистика кафедрасы
Журналистика және ақпарат даярлау бағыты бойынша академиялық комитет
мәжілісінің
№4 Хаттамасы

02 сәуір 2025 жыл

Түркістан қаласы

Қатысқандар: ф.ғ.к., доцент, кафедра меңгерушісі м.а. Б.Баешова., ф.ғ.к., профессор Сердәлі Б., PhD Ергебеков М., аға оқытушы Сәдібеков А., оқытушы Ташимова А., оқытушы Ералиева Қ., кафедра ОПҚ.

Күн тәртібінде:

Күн тәртібінде:

1. «Журналистика» ББ бағдарламасын аккредитациядан өткізу процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау.
2. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингісі негізінде нарықтық талаптарға сай келетін мамандарды даярлау деңгейін анықтау.
3. Сәуір-маусым айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау. АК төрағасының жылдық есебі.

Тыңдалды:

Ералиева Қ., комитет төрағасы: Күн тәртібінде маңызды мәселе - «6B03239-Журналистика» ББ бағдарламасын аккредитациядан өткізу процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау. Оқу-әдістеме, ғылым, тәрбие, практика, сапа құжаттары бойынша бес жылдық есепті (2020-2025) әзірлеу. Осы бағыттар бойынша әрбір жауапты ОПҚ тиісті жұмыстарды атқарып, комиссия жұмысына толыққанды мәлімет беруге дайын боулы тиіс. «Журналистика» Білім беру бағдарламасының аккредитациясын сәтті өткізу үшін талаптарға сәйкес есептерді әзірлеп, аккредитациядан хабары бар мамандарға ұсыну керек. Аккредитациялық комиссия талаптарына сәйкес есептерде бағдарламалардың мазмұны, оқу нәтижелері, оқытушылар құрамының біліктілігі, материалдық-техникалық база, студенттердің жетістіктері мен жұмысқа орналасу көрсеткіштері туралы толық мәліметтер қамтылуы тиіс. Осы мақсатта кафедра нақты әрі өзекті ақпарат ұсынуы қажет. Есепті дайындау барысында біз тек қана деректер жинаумен шектелмей, олардың стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етіп, барлық қажетті түзетулерді енгізуіміз керек. Бұл университетіміздің білім беру сапасының жоғары деңгейде екенін көрсету үшін өте маңызды қадам. Сондай-ақ, «6B03239-Журналистика» білім беру бағдарламасы жыл сайын «Атамекен» ұлттық рейтингісіне қатысады. «Атамекен» ҰКП рейтингісінің қорытындысы бойынша 2022 жылы 6/21, 2023 жылы 9/22 орын, ал былтырғы 2024 жылғы көрсеткіш бойынша 10/21 орын иелендік. https://atameken.kz/university_ratings Кадр даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі еңбек нарығында түлектердің сұранысқа ие болуы. Кафедра өз түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп келеді. Университетте жыл сайын «Бос орындар жәрмеңкесі» өткізіледі, оған әлеуетті жұмыс берушілер қатысады. Жүргізілген мақсатты жұмыстың нәтижесінде жұмысқа орналастырылған түлектердің саны 86% - дан асады. Бұл процестер

біздің білім беру қызметіміздің сапасын нарық талаптарына сәйкестігін көрсетуге және білім алушыларымыздың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау және оны жақсарту бойынша сыртқы тексерулерді ұйымдастыру негізгі басымдықтардың бірі. Бұл ретте, сыртқы бағалау комиссиясының, сондай-ақ жұмыс берушілер мен түлектердің пікірлері негізге алынады. Сапа процедураларын ұйымдастыру барысында жинақталған деректерді объективті түрде талдау және ұсыныстар әзірлеу маңызды рөл атқарады.

Кафедра меңгерушісі м.а Б.Баешова: «Атамекен» рейтингісі университет бағдарламаларының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингісі бізге нарық талаптарына сай мамандар даярлау деңгейімізді бағалайды. Рейтинг көрсеткіштері бойынша біз түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейін, жұмысқа орналасу жылдамдығын және білім сапасының нарық талаптарына сәйкестігін талдай аламыз. Осы жұмыстар негізінде біз толық есеп дайындап, оның нәтижелерін университеттің барлық деңгейдегі құрылымдарына ұсынамыз. Есепте анықталған мәселелер бойынша нақты ұсыныстар беріледі, олардың ішінде: оқу бағдарламаларын жаңарту және нарық талаптарына бейімдеу; тәжірибелік оқытуға баса назар аудару; жұмыс берушілермен байланыстарды нығайту.

АК мүшесі Б.Сердәлі: Рейтинг нәтижелері университетіміздің нарықтағы беделін және түлектеріміздің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жұмыстың тиімділігін анықтайды. Бұл рейтинг тек білім беру сапасын ғана емес, сонымен қатар жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейін де көрсетеді. Осы орайда, оқу бағдарламаларын нарық сұранысына сай үздіксіз жетілдіру және тәжірибелік оқыту үлесін арттыру басты міндеттеріміздің бірі. Жалпы сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедуралары, олардың нәтижелерін талдау және осы бағыттағы есептерді дайындау біздің университеттің даму стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады.

Шешім:

1. «Журналистика» ББ бағдарламасын аккредитациядан өткізу процедуралары жоғары деңгейде ұйымдастырылсын, нәтижелері талдансын, комиссия шешімінің ескертпелері назарға алынсын;
2. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингісі негізінде нарықтық талаптарға сай келетін мамандарды даярлау деңгейі анықталсын.

Мәжіліс төрағасы:



Қ. Ералиева

Хатшысы



А.Ташимова